# «КІТАП ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТ – БІЛІМДІ ҰРПАҚТЫҢ ОРДАСЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 16 мамырдағы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын қолдау, білім алушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем және ғылыми әдебиеттерге қызығушылықты арттыру, кітап арқылы білім алуға, сыни ойлауға және шығармашылық ізденіске ынталандыру.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы – ректор Төлеген Мұхтар Әділбекұлы Қазақстандағы кітап оқу мәдениетін қазіргі өмірдің маңызды бір бөлігіне айналдырып, кітап оқитын ұлттың мықты, білімді әрі ойлы ұлт екенін танытуға бағытталған Ұлттық жобаның 7 бағытының бірі – «Кітап оқитын университет» бағыты аясында ұйымдастырылған «КІТАП ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТ – БІЛІМДІ ҰРПАҚТЫҢ ОРДАСЫ» атты кітап оқу марафонына білім алушыларды қатысуға шақырды.

## «Кітап оқитын университет» жобасының ережесі

### 1. Жалпы ереже

**Мақсаты:** Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің білім алушыларының арасында оқу мәдениетін қалыптастыру, сыни және аналитикалық ойлауды дамыту, университет қабырғасында интеллектуалды орта құру.

**Қатысушылар:** Университеттің білім алушылары (бакалавр, магистратура және докторантура).

### 2. Жобаның кезеңдері мен мерзімі

**Тіркелу кезеңі:** 2026 жылдың қыркүйек, қазан айлары (онлайн тіркелу). https://forms.gle/f5K3u5xF72tmmnH7A

**Кітап оқу кезеңі:** Қыркүйек , қазан, қараша, желтоқсан.

**Бағалау және қорытынды:** Желтоқсан

(Тестілеу, видео рилс, эссе және жеңімпаздарды анықтау).

### 3. Қатысу шарттары мен талаптары

**Кітап саны:** Республикалық кітап оқу марафонындағы «Кітап оқитын университет» бағытында ұсынылған **15 кітапты** оқып шығуы тиіс

**Кітаптар тізімі:** Ұсынылған тізімге отандық әдебиет, әлем классикасы және заманауи бестселлерлер кіреді. Кітаптар қазақ және орыс тілдерін де қолжетімді.

## 4. Іріктеу кезеңі

**І кезең**
**Кітаптың мазмұны бойынша тестілеу онлайн- 40 сұрақ - 40 балл**
Оқылған 15 кітап бойынша тест тапсырады.
Әр кітаптан 15 сұрақтан алынады.
1-сұрақ 1 баллмен бағаланады
Іріктеу шарты: **30 баллдан жоғары** (30 балл кірмейді, > 30)
Сұрақтар кітаптың мазмұнын ғана емес, идеясы мен кейіпкерлерін түсінуді тексереді.

**ІІ кезең**
**Креативті буктрейлер - 40 балл**
Қатысушылар өзіне ұнаған бір кітабы жайлы видео рилс жасайды. Оны **@lib.uku** кітапхана инста парақшасына белгілеп рилсты жүктейді.
Ұзақтығы 4 минуттан аспауы керек.
- ✓ оқиға желісі баяндалады;
- ✓ автордың позициясын;
- ✓ кейіпкерлердің әрекетін;
- ✓ үзіндінің шығармадағы маңызын түсіндіреді.

**ІІІ кезең**
**Шығармашылық талдау - 20 балл**
Көлемі - 300-600 аралығындағы сөз қамтылуы қажет.
- ✓ Хат нақты **шығарма авторына бағытталуы** тиіс.
- ✓ Шығарманың негізгі идеясы мен көтерген мәселесіне қатысты ой болуы керек.
- ✓ Кемінде **бір нақты мысал немесе эпизод** келтірілуі тиіс.

## 5. Бағалау парағы

| | | |
|---|---|---|
| *1 кезең* | Әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі. | 40 балл |
| *2 кезең* | Шығарманы түсінуі және талдауы | 10 балл |
| | Өз ойын жүйелі жеткізуі | 10 балл |
| | Кітапты өмірмен байланыстыруы | 10 балл |
| | Сөйлеу мәдениеті | 10 балл |
| | Барлығы | 40 балл |

3 кезең

| | |
|---|---|
| Шығармашылық және түпнұсқалық | 10 балл |
| Сауаттылығы мен тіл мәдениеті | 10 балл |
| Барлығы | 20 балл |

**Ескерту:** Бағалаушылар әр қатысушыға жеке балл қояды. Қорытынды балл барлық кезең нәтижесінің қосындысы арқылы анықталады.